

ОҚУ ЖҰМЫС БАҒДАРЛАМАСЫ (СИЛЛАБУС)
ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БАҒАЛАУ
(ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПРАКТИКА, 2-КУРС)

Мазмұны

1. Жалпы ақпарат	3
1.1. Курс атауы	3
1.2. Силлабусты әзірлеушілер	3
1.3. Кафедра	3
1.4. Білім беру бағдарламасы	3
1.5. Жалпы кредит саны	3
1.6. Оқу түрі	3
1.7. Уақыты, орны және тіркеу	3
1.8. Оқыту тілі	3
2. Іске асыру сипаттамасы	3
2.1. Модульге шолу	3
2.2. Курстың қысқаша сипаттамасы	4
2.3. Құзыреттіліктер, оқу нәтижелері және бағалау критерийлері	4
2.4. Оқыту әдістері және жоспарланған оқу іс-шаралары, оқытуға жетекшілік ету	6
2.5. Бағалау әдістері және бағалау үшін негіз	8
2.6. Іске асырудың балама әдістері	11
2.7. Оқу тапсырмалары және студенттердің жұмыс жүктемесі	11
2.8. Білім берудің инклюзивті жағдайларын қамтамасыз ету	19
3. Өтпелі тақырыптар және пәнаралық байланыс	20
3.1. ББ-дағы өтпелі тақырыптарды іске асыру	20
3.2. Пәнаралық байланыс	20
4. Әдебиеттер және ресурстар	20
4.1. Негізгі әдебиеттер	20
4.2. Қосымша әдебиеттер	21
4.3. Өзге ресурстар	21
5. Қосымша ақпарат	21
5.1. Қосымша ақпарат	21
6. Курс саясаты	21
Қосымша 1. Ауызша және жазбаша тапсырмаларды бағалау критерийлері	22
Қосымша 2. Курс құрылымы	22

1. Жалпы ақпарат

1.1. Курс атауы	Психологиялық және педагогикалық бағалау	
1.2. Силлабусты әзірлеушілер	Жетекші университет	Қатысушы университеттер
	М. Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті	Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті
		М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті
		Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты
1.3. Кафедра	6B01 - Педагогикалық ғылымдар кафедрасы	
1.4. Білім беру бағдарламасы	6B01- Педагогикалық ғылымдар	
1.5. Жалпы кредит саны	2 академиялық кредит (60 сағат): <ul style="list-style-type: none">● 30 – ОСӨЖ (оқытушының жетекшілігімен білім алушының өзіндік жұмысы)● 30 – СӨЖ (білім алушының өзіндік жұмысы)	
1.6. Оқу түрі	<ul style="list-style-type: none">● теориялық оқытудан қол үзіп оқу (қолданбалы бакалавриат базасында күндізгі, күндізгі оқу үшін);● оқу аптасы ішінде практика базасында күн сайын кемінде 6 сағат.	
1.7. Уақыты, орны және тіркеу	оқу жоспарына сәйкес, регистрар кеңсесі	
1.8. Оқыту тілі	Қазақша/орысша	

2. Іске асыру сипаттамасы

2.1. Модульге шолу

Бұл модуль педагогикалық практикадан өту арқылы теориялық білімді практикалық дағдыларға айналдыруға, сондай-ақ педагог мамандығына қойылатын талаптарға жауап беретін педагогтің кәсіби сәйкестігін қалыптастыруға бағытталған. Модуль барысында болашақ педагогтар кәсіби өсудің үздіксіз үдерісіне ықпал ететін тәжірибеге бағытталған зерттеу дағдыларын қалыптастырады.

Болашақ педагогтардың құзыреттері танысу мен бақылаудан бастап білім беру үдерістерін жобалауға және өз сабақтарын өткізуге, сондай-ақ тәжірибеге бағытталған зерттеу қызметі арқылы өз жұмыс ортасын дамытуға дейін біртіндеп тереңдей түседі.

Тәжірибенің барлық кезеңдерінде белгілі бір пререквизиттер бар және болашақ мұғалімдер педагогикалық практикаға кіріспес бұрын белгілі бір пәндік және/немесе педагогикалық пәндерден өтуі керек, академиялық кредиттер саны факультеттер мен/немесе білім беру бағдарламалары арасында өзгеруі мүмкін.

Модульдің атауы және негізгі пәндер	Акад.кредиттер
Модуль: Мұғалім – оқу фасилитаторы (педагогикалық практика)	25
Мұғалім кәсібіне кіріспе (педагогикалық практика, 1-курс)	2
Психологиялық және педагогикалық бағалау (педагогикалық практика, 2-курс)	2
Педагогикалық тәсілдер (педагогикалық практика, 3-курс)	6
Білім берудегі зерттеулер мен инновациялар (педагогикалық практика, 4-курс)	15

2.2. Курстың қысқаша сипаттамасы

Бұл курстың (педагогикалық практиканың) мақсаты – болашақ мұғалімдерді білім беру мекемесінің біртұтас педагогикалық үдерісінің ерекшеліктерімен таныстыру және білім беру үдерісін психологиялық-педагогикалық қамтамасыз ету саласында талдамалық-рефлексивті, зерттеу, жобалау және басқа дағдыларды қалыптастыру.

Бұл курстың пререквизиті педагогикалық компоненттің «Педагогикалық зерттеулер» курсы аяқтау болып табылады.

2.3. Құзыреттіліктер, оқу нәтижелері және бағалау критерийлері

Бұл курс педагогикалық құзыреттіліктің келесі салаларын дамытуға бағытталған:

- Педагогика және дидактика құзыреті саласындағы білім (1, 2)

- Өзара әрекеттесу үшін құзыреттіліктер саласы (3, 4, 5)
- Педагогтердің жұмыс ортасы үшін құзыреттіліктер саласы (6, 7)
- Кәсіби дамуға арналған құзыреттіліктер саласы (8, 9, 10)
- Педагогика және дидактика құзыреті саласындағы білім (1, 2)

Дидактикалық құзыреттіліктер: бәсекеге қабілетті зияткерлік тұлғаны қалыптастыруға және тәрбиелеуге бағытталған білім беру мекемесінің тұтас педагогикалық үдерісін басқару дағдылары; орта білім берудің жаңартылған мазмұны шеңберінде білім беру мекемесінің оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру (сабақтың ұзақ мерзімді, орта мерзімді және қысқа мерзімді жоспарларын әзірлеу және т. б.)

- Өзара әрекеттесу үшін құзыреттіліктер саласы (3, 4, 5)

Коммуникативті құзыреттіліктер: білім беру үдерісінің субъектілерімен тиімді өзара әрекеттесу және қарым-қатынас орнату.

- Педагогтердің жұмыс ортасы үшін құзыреттіліктер саласы (6, 7)

Рефлексивті құзыреттіліктер: сыни ойлау мен функционалдық сауаттылықты дамыту, өзін-өзі тәрбиелеуге және өзін-өзі жетілдіруге бағдарлау, оқытудың болжамды нәтижелерін критерийлі бағалау, SWOT-талдау жасай білу және т. б.

Зерттеу құзыреттілігі саласы: білім алушының / тәрбиеленушінің жеке басының психологиялық-педагогикалық сипаттамасын жасау мақсатында оның жеке басын зерттеу.

- Кәсіби дамуға арналған құзыреттер саласы (8, 9, 10)

Диагностикалық құзыреттіліктер: біртұтас педагогикалық үдерістің нәтижесін болжау және диагностикалау.

Оқыту нәтижелері	Бағалау критерийлері
Оқыту стратегияларының психологиялық және педагогикалық негіздерін (сыни тұрғыдан ойлау, функционалдық сауаттылық, бірлескен оқыту, өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі жетілдіру, критерийге бағдарланған оқыту) түсіну	Оқыту стратегияларының психологиялық-педагогикалық негіздерін (сыни ойлау, функционалдық сауаттылық, бірлесіп оқыту, өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі жетілдіру, критерийлі оқыту) зерделейді

Білім алушылар тобын бағалау үшін психологиялық-педагогикалық диагностика әдістерін қолдану және білім беру ұйымының психологиялық қолдау көрсету қызметтерінің қалай жұмыс істейтінін түсіну	Психологиялық-педагогикалық диагностикалық әдістерді қолдана отырып, оқушылар ұжымын зерттейді
Мұғалімнің жұмысын әлеуметтік-педагогикалық тұрғыдан түсіну және болашақ мұғалім ретінде өзінің кәсіби ерекшелігін түсіну	Болашақ мұғалім ретінде өзінің кәсіби ерекшелігін түсіне отырып тұтас педагогикалық үдерістің құрамдас бөлігі ретінде оқу үдерісін ұйымдастыруға қатысады және зерделейді
Оқу үдерісінде білім алушылардың жағымды және жауапты мінез-құлқын нығайту үшін тиімді диалог құру	Білім алушылармен тиімді өзара іс-қимыл және қарым-қатынас орнатады
Білім беру үдерісінің барлық мүдделі тараптарымен ынтымақтасу	Оқыту/үйрету және тәрбиелеу үдерісінде педагогикалық үдерістің барлық қатысушыларымен ынтымақтасады
Тұтас педагогикалық үдерісті оның әртүрлі формаларында (сабақ,	Оқу үдерісін ұйымдастыруға әртүрлі формаларда қатысады

семинар, дөңгелек үстел, пікірталас және т.б.) талдау және дамыту, пән бойынша сыныптан тыс іс-шаралардың әртүрлі формаларын жүргізу	(сабақ/жұмыс, семинар, дөңгелек үстел, пікірталас және т.б.), пән бойынша сыныптан тыс танымдық іс-әрекеттің әртүрлі формаларын өткізуге қатысады.
--	--

2.4. Оқыту әдістері және жоспарланған оқу іс-шаралары, оқытуға (практикаға) жетекшілік ету

Тәжірибе жетекшісі:

- кафедраларды практиканы ұйымдастыру және өткізу бойынша нормативтік құжаттармен қамтамасыз етеді;
- білім беру мекемелерінің қызметін ескере отырып, практикадан өту кестесін айқындайды;
- кафедраларға студенттер контингенті туралы мәлімет береді;
- қалалық білім бөлімімен бірлесіп жоғары білікті мамандары бар мектептерді анықтайды;
- 2 курс практикасы үшін оқу бағдарламаларын әзірлейді;
- практика барысында қалыптасқан құзыреттіліктерді ескере отырып, практиканың әр күніне арналған 2 курс студенттеріне арналған тапсырмалар мен әдістемелік ұсынымдар, үлгілері бар күнделіктер, портфолио әзірлейді;
- практикадан өту кезінде әдістемелік басшылықты жүзеге асырады, студенттерге оқытудың, тәрбиелеудің, ғылыми және кәсіптік бағдарлау жұмысын ұйымдастырудың ағымдағы мәселелері бойынша кеңес береді;
- жылдық есептерді дайындайды.

2.5. Бағалау әдістері және бағалау үшін негіз

Практика қорытындысы бойынша студент-практиканттар толтыратын материалдар:

- Педагогикалық күнделік – әр күн сайынғы бақылау және диагностика бойынша біртұтас педагогикалық үдерістің әрбір алгоритмін сипаттай отырып, практиканың егжей-тегжейлі күнделікті мазмұнды талдауы (рефлексивті есеп).
- Электрондық портфолио (бірыңғай білім беру платформасындағы цифрлық контент (бейне-сабақтар; фото-есептер; инновациялық сабақтарды әзірлеу; дидактикалық және әдістемелік материалдар жиынтығы және т. б.)
- Практика базасының жетекшісі (мұғалім-тәлімгер, жетекші) дайындаған студенттің мінездемесі.
- Рефлексиялық есеп.

2.6. Іске асырудың балама әдістері

1) **Онлайн-практика (ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттер үшін):** мектепке дейінгі, бастауыш, орта және арнайы білім беру ұйымдарының (оның ішінде өңірдің шағын жинақты мектептерінің, ауылдық жерлерде орналасқан түзету және арнайы мектеп-интернаттарының) барлық түрлері мен типтері басшыларының (аудандық білім бөлімінің меңгерушісі, мектепке дейінгі ұйым меңгерушісі, директор) өтініші бойынша тәрбиеші, пән мұғалімі, педагог ассистенті, әлеуметтік педагог, педагог-психолог ретінде онлайн-практикадан өту;

2) ШЖМ-де (өңірдің шағын жинақты мектептерінде) немесе шағын орталықтарда **ақылы офлайн-практика;**

3) Тәрбиеленушіге немесе үйде білім алушыға (білім беру ұйымының және ата-аналардың/қамқоршылардың өтініші бойынша) **ерікті педагог ретінде онлайн-практика.**

- Практиканың бұл түрлері практикадан өткендігі туралы білім беру ұйымының басшысы берген анықтама және толтырылған практика күнделігі бойынша бағаланады.
- Құжаттық растау ретінде онлайн-сабақтардың немесе сабақтардың жазбалары ұсынылуы тиіс (4-5 жазба).

2.7. Оқу тапсырмалары және студенттердің жұмыс жүктемесі

1. Бекітілген мектеп пен сынып жұмысының жалпы бағыттарымен танысу;
2. Мұғалімдер әзірлеген нормативтік құжаттармен және жоспарлармен (оқу жоспарларымен; перспективалық, орта мерзімді және қысқа мерзімді жоспарлармен) танысу;
3. Білім беру мазмұны және заманауи оқыту құралдары;
4. Біртұтас педагогикалық үдерісті зерттеу;
5. Сынып жетекшісінің жұмыс жүйесін зерделеп, жоспарланған тәрбиелік іс-шараларды іске асыруға, сондай-ақ тәрбие жұмысының жекелеген түрлері мен нысандарын дайындауға және өткізуге қатысу;
6. Тұтас педагогикалық үдерісті зерттеу және талдау;
7. Психологиялық-педагогикалық диагностикалық әдістерді пайдалана отырып, білім алушылар ұжымын зерттеу мақсатында мектептің психологиялық қызметі жұмысының жай-күйін зерделеу;
8. Тұтас педагогикалық үдерісте оқушылардың мазасыздық деңгейін анықтау әдістемесін меңгеру;
9. Тұтас педагогикалық үдерісте сынып оқушыларының қарым-қатынас деңгейін талдау әдістемесін меңгеру;
10. Мұғалімнің әлеуметтік-педагогикалық портретін құрастыру.

2.8. Білім берудің инклюзивті жағдайларын қамтамасыз ету

- Оқытудағы дуалды тәсіл – практика базасы дайындық бағыты мен ББ (Major/ Minor) ескере отырып таңдалады;

- Үштілділік – педагогикалық практика шеңберінде кәсіби қызмет үшін тіл таңдау;
- Практикадан өту форматы – теориялық оқытудан қол үзіп өту және онлайн өту;
- Өзара бағалау және өзін-өзі бағалау негізінде практика нәтижелерін бағалаудың критерийлік тәсілі;
- ШЖМ-де немесе шағын орталықтарда онлайн-практика немесе практика шеңберінде кәсіби құзыреттілікті дамытудың балама әдістерін қолдану мүмкіндігі; ерекше білім беру қажеттіліктері бар тәрбиеленушілер/білім алушылар үшін педагог-ассистент ретінде волонтерлік қызмет мүмкіндігі.

3. Өтпелі тақырыптар және пәнаралық байланыс

3.1. ББ-дағы өтпелі тақырыптарды іске асыру

- **Болашақ педагогтердің цифрландыру және цифрлық құзыреттіліктерін дамыту** – оқыту мен тәрбиелеу мүмкіндіктерін кеңейту үшін оқу үдерісінде ақпараттық технологияларды пайдалану; білім алушының/тәрбиеленушінің цифрлық ортада қауіпсіз және этикалы болуын қамтамасыз ету;
- **Болашақ мұғалімдердің кәсіби дамуы** – өзінің кәсіби деңгейін арттыру мақсатында тәлімгермен және әріптестермен, ата-аналар қауымдастығымен өзара әрекеттесу;
- **Зерттеу тәсілі** – критерийлі бағалау негізінде білім беру ортасының әлауқатына, білім беру сапасына, дағдылар мен оқу жетістіктерінің даму деңгейіне мониторинг жүргізу; оқытуда жобалар әдісін қолдану;
- **Педагогикалық білім беруді интернационалдандыру** – Қазақстанда және шетелде білім берудің үздік білім беру практикаларын – трендтерін қолдану: инклюзия, ойын және денсаулық сақтау технологиялары, авторлық әдістемелер, құзыреттілік және ісәрекеттік тәсілдемелер және т.б.).

3.2. Пәнаралық байланыс

Практикалық зерттеу дағдыларын пысықтау ісінде педагогикалық практиканың мүмкіндіктерін пайдалану (білім алушыларды білім беру ұйымының зерттеу (эксперименттік) қызметіне қосу, жобалау қызметі, курстық немесе дипломдық жұмыс, дипломдық жоба тақырыбына байланысты өз зерттеулерін жүргізу) білімнің мынадай салаларымен байланысты:

- Әлеуметтану Психологиясы
- Қазақстан тарихы
- Философия

- Қазақ/орыс / ағылшын тілдері
- Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар
- Экономика және кәсіпкерлік, Құқық негіздері және Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет
- Экология және тіршілік қауіпсіздігі

4. Әдебиеттер және ресурстар

4.1. Негізгі әдебиеттер

1. Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің 19.01.2023 № 21 бұйрығының редакциясында);
2. Педагогика ғылымдары» білім беру саласы бойынша студенттерге педагогикалық практиканы ұйымдастыру және өткізу бойынша әдістемелік ұсыныстар. (ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің 2023 жылғы 27 наурыздағы № 125 бұйрығына қосымша);
3. «Педагог» кәсіби стандарты (ҚР Оқу-ағарту министрі м.а. 2022 жылғы 15 желтоқсандағы № 500 бұйрығымен бекітілген);
4. Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары (ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің 2023 жылғы 25 шілдедегі № 334 бұйрығының редакциясында);
5. Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы (ҚР Оқу-ағарту министрлігінің 2023 жылғы 07 тамыздағы № 248 бұйрығының редакциясында)

4.2. Қосымша әдебиеттер

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті мемлекеттік стандарты (ҚР Оқу-ағарту министрлігінің 2023 жылғы 04 қазандағы № 303 бұйрығы редакциясында);
2. Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (ҚР Оқу-ағарту министрлігінің 2023 жылғы 04 қазандағы № 303 бұйрығы редакциясында);
3. Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (ҚР Оқу-ағарту министрлігінің 2023 жылғы 04 қазандағы № 303 бұйрығы редакциясында);

4. Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (ҚР Оқу-ағарту министрлігінің 2023 жылғы 04 қазандағы № 303 бұйрығы редакциясында);
5. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығы);
6. Қазақстан Республикасының бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (ҚР Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі № 412 бұйрығы);
7. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейлерін таңдау бойынша жалпы білім беретін пәндер мен курстардың үлгілік оқу жоспарлары (ҚР Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығы);
8. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары (+ ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар үшін: 2-7 қосымша; ҚР Оқу-ағарту министрлігінің 14.10.2022 № 422 бұйрығының редакциясында);
9. «Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» нұсқаулық-әдістемелік хаты (ағымдағы оқу жылына арналған);
- 10.10. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды даярлық сыныптарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру бойынша нұсқаулық-әдістемелік хаты (ағымдағы оқу жылына арналған).

4.3. Өзге ресурстар

- НҚА – «Әділет» ҚР нормативтік-құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі <https://adilet.zan.kz/rus>

Әдістеме:

- ҚР Оқу-ағарту министрлігінің Ы.Алтынсарин атындағы ұлттық білім академиясының сайты - AltynsarinAcadem - [yhttps://uba.edu.kz/ru](https://uba.edu.kz/ru)
- ҚР Оқу-ағарту министрлігінің «Балаларды ерте дамыту институты» РММ сайты <http://irrd.kz/?lang=ru>
- «OnlineMekterp.org» цифрлық білім беру экожүйесі <https://bilimland.kz/ru>
- «АВС электрондық балабақша» ақпараттық жүйесі <https://1bilim.kz/ru>
-

Оқулықтар мен әдістемелік ұсыныстар, нұсқаулықтар:

- TopIQ – «Алматы кітап баспасы» цифрлық оқулықтар платформасы <https://topiq.kz/ru/>
- OKULYK.KZ - Қазақстан мектептеріне арналған электрондық оқулықтар <https://okulyk.kz/>.

Электрондық күнделік:

- КҮНДЕЛІК – білім беру ұйымдарының электрондық құжат айналымын және білім беру процесінің барлық қатысушыларының: мұғалімдердің, ата-аналар мен оқушылардың мүмкіндіктерін, әлеуметтік желілердің құралдарын біріктіретін автоматтандырылған ақпараттық білім беру жүйесі <https://kundelik.kz/>

5. Қосымша ақпарат

5.1. Қосымша ақпарат

Практика базаларын іріктеу критерийлері (мектепке дейінгі білім беру мекемелері, мектептер/лицейлер, гимназиялар, түзету және арнайы мектептер/интернаттар):

- кадрларды даярлау бейіні және ББ мазмұны бойынша жарғылық қызмет;
- жоғары және бірінші санатты педагогтардың, модератор-педагогтардың/сарапшылардың, зерттеушілердің, шеберлердің болуы, олардың үлесі педагогтердің жалпы санынан – кемінде 25 % болуы;
- ағылшын тілінде оқытатын сыныптардың болуы (көптілді топтар үшін).

Тәлімгерге (практика базасындағы басшыға) қойылатын талаптар:

- педагогикалық өтілі 3 жылдан кем емес;
- жас педагогтың тәлімгері және/немесе «педагог-модератор», «педагог-сарапшы», «педагог-зерттеуші», «педагог-шебер»;
- педагогтер арасындағы кәсіби шеберлік конкурстарының жеңімпазы және/немесе лауреаты/жүлдегері;
- облыстық, республикалық пәндік олимпиадала жүлдегерлерінің жетекшісі.

6. Курс саясаты

6.1. Курс саясаты

Студент университеттің келесі ішкі құжаттарының талаптарын қатаң сақтауы керек:

1. Академиялық саясат;
 2. Академиялық адалдық ережелері;
 3. Студенттің ар-намыс кодексі;
 4. ЖОО-ның ішкі ережелері;
 5. Студенттің ішкі тәртіп ережелері;
 6. Қарыз алу көлеміне жазбаша жұмыстарды тексеруді жүргізу қағидалары мен тәртібі.
- Әрбір орындалмаған тапсырма үшін студент "0" балл алады, сабақта болмағаны үшін студент «бж» (болған жоқ) белгісін алады. Студенттің сабаққа 15 минуттан артық кешігуі кезінде студентке «бж» электронды журналына қойылады.

- Сабақ барысында телефонды немесе басқа құрылғыларды силлабуста көрсетілгеннен басқа жағдайларда (мысалы, электрондық ресурстар арқылы сауалнама жүргізу немесе бағалау үшін) пайдалануға тыйым салынады. Аралық бақылау немесе емтихан өткізу кезінде телефондар, электрондық гаджеттер, шпаргалкалар тартып алынады.
- Барлық студенттік жұмыстар (СӨЖ, қазіргі, аралық және қорытынды бақылау жұмыстары) қарыз алу көлеміне жүйемен тексеріледі. Егер мәтіннің/жұмыстың бірегейлігі коэффициенті белгіленген шекті деңгейден төмен болса) - жұмыс қабылданбайды.
- Пән саясатын бір рет бұзған жағдайда білім алушы оқытушыдан ауызша ескерту алады, пән саясатын жүйелі түрде бұзған кезде оқытушы кафедра меңгерушісіне баяндайды.
- Сыбайлас жемқорлық фактілері анықталған, үшінші тұлғалар тарапынан оқытушыға қысым жасалған жағдайда оқытушы комплаенс-офицерге қызметтік жазбаны бастау үшін кафедра меңгерушісіне баяндайды.

6.2. Бағалау және аттестаттау саясаты

Білім алушының оқу жетістіктері әр сабақ түрі бойынша апта сайын (академиялық саясатқа сәйкес) жеке 100 балдық шәкіл бойынша бағаланады.

Бағалау саясаты объективтілік, ашықтық, икемділік және жоғары саралау қағидаларына негізделеді. Пәнді оқу әртүрлі формадағы емтиханмен (жазбаша немесе ауызша емтихан, тестілеу, жобаны қорғау) аяқталады. Бағдарламада көзделген барлық тапсырмаларды орындау - емтиханға өтудің міндетті шарты. Қазіргі және аралық бақылау формалары, емтихан тапсыру формасы оқытушы айқындайды және әдістемелік секция қаралғаннан және ұсынылғаннан кейін кафедра отырысында бекітіледі. Ауызша және жазбаша тапсырмалар/емтихандар 1-қосымшаға сәйкес 0-100 баллмен бағаланады. Тапсырмалардың (жоба, сурет, презентация, топтық жоба және т. б.) басқа түрлері тапсырманың ерекшелігіне сәйкес жасалған критерийлер бойынша бағаланады.

Қосымша 1. Ауызша және жазбаша тапсырмаларды бағалау критерийлері

Баға	Критерий
А 95-100	Қойылған сұраққа толық, егжей-тегжейлі жауап берілген, ұғымдармен еркін жұмыс жасауда, оның маңызды және маңызды емес белгілерін, себеп-салдарлық байланыстарын ажырата білуде көрінетін объект туралы саналы білімнің жиынтығы көрсетілген. Объект туралы білім оны осы ғылым жүйесінде және пәнаралық байланыстарда түсіну аясында көрсетіледі. Жауап академиялық тілде баяндалған, қисынды, дәлелді, білім алушылардың авторлық ұстанымын көрсетеді.
А-	Қойылған сұраққа толық, егжей-тегжейлі жауап беріледі, объект туралы саналы білімнің жиынтығы көрсетіледі, тақырыптың негізгі ережелері дәлелді түрде

90-94	ашылады; жауапта ашылатын ұғымдардың, теориялардың, құбылыстардың мәнін көрсететін нақты құрылым, логикалық реттілік байқалады. Объект туралы білім оны осы ғылым жүйесінде және пәнаралық байланыстарда түсіну аясында көрсетіледі. Жауап академиялық тілде берілген. Жауап беру процесінде білім алушылардың өз бетінше түзетілген ұғымдарды анықтауда кемшіліктер жіберілуі мүмкін.
B+ 85-89	Қойылған сұраққа толық, егжей-тегжейлі жауап берілді, тақырыптың негізгі ережелері дәлелді түрде ашылды және жауапта нақты құрылымы көрінеді, ашылатын ұғымдардың, теориялардың, құбылыстардың мәнін көрсететін логикалық реттілік байқалады. Жауап академиялық тілде берілген. Жауапта оқытушының көмегімен білім алушыға түзетілген кемшіліктер жіберілді.
B 80-84	Қойылған сұраққа толық, егжей-тегжейлі жауап берілді, маңызды және маңызды емес белгілерді, себеп-салдарлық байланыстарды бөліп көрсету мүмкіндігі көрсетілді. Жауап нақты құрылымдалған, қисынды, академиялық тілде баяндалған. Оқытушының көмегімен білім алушыға түзетілген кемшіліктер немесе елеусіз қателіктер жіберілуі мүмкін.
B- 75-79	Қойылған сұраққа толық жауап берілді, маңызды және маңызды емес белгілерді, себеп-салдарлық байланыстарды бөліп көрсету мүмкіндігі көрсетілді. Жауап нақты құрылымдалған, логикалық, ғылым терминдерін қолдану арқылы берілген. Алайда білім алушыға жетекші сұрақтар арқылы түзетілген кішігірім қателіктер немесе кемшіліктер жіберілді.
C+ 70-74	Қойылған сұраққа толық, бірақ жеткіліксіз дәйекті жауап берілген, бірақ сонымен бірге маңызды және маңызды емес белгілер мен себеп-салдарлық байланыстарды бөліп көрсету мүмкіндігі көрсетілген. Жауап логикалық және ғылыми терминдерді қолдану арқылы берілген. Білім алушы өз бетінше түзетуі қиын болған негізгі ұғымдарды анықтауда 1-2 қате жіберуі мүмкін.
C 65-69	Толық әрі ашық емес жауап берілген. Презентацияның логикасы мен дәйектілігі бұзушылықтарға ие. Ұғымдарды ашуда, терминдерді қолдануда қателіктер жіберілді. Білім алушы елеулі және елеусіз белгілерді және себеп-салдарлық байланыстарды дербес ажырата алмайды. Білім алушы жалпыланған білімді мысалдармен олардың негізгі ережелерін тек оқытушының көмегімен дәлелдей отырып нақтылай алады. Сөйлеу әдеті түзетулерді, өзгертулерді қажет етеді.
C- 60-64	Толық емес жауап берілген, логика және презентация дәйектілігі айтарлықтай бұзушылықтарға ие. Студенттердің олардың маңызды және маңызды емес белгілері мен байланыстарын түсінбеуіне байланысты ашылған ұғымдардың, теориялардың, құбылыстардың мәнін анықтауда өрескел қателіктер жіберілді. Жауапта тұжырымдар жоқ. Жалпыланған білімнің нақты көріністерін ашу мүмкіндігі көрсетілмеген. Сөйлеу әдеті түзетулерді, өзгерістерді қажет етеді.
D+ 55-59	Толық емес жауап берілді. Презентацияның қисынсыздығы бар. Білім алушыға дәлелдеу қиын. Терминдердің, ұғымдардың анықтамаларындағы, фактілерді, құбылыстарды сипаттауда елеулі қателіктер көп. Жауапта тұжырымдар жоқ. Білім алушы оқытушының нұсқауынан кейін ғана білім арасындағы байланыстың бар екенін түсіне бастайды.

D 50-54	Анықтамалардағы елеулі қателіктер кеткен сұрақ тақырыбы бойынша шашыраңқы біліммен көрсетілген толық емес жауап берілген. Фрагментация, презентацияның қисынсыздығы бар. Білім алушы осы ұғымның, теорияның, құбылыстың модульдің (пәннің) басқа объектілерімен байланысын білмейді. Тұжырымның қорытындылары, нақтылануы және дәлелдемесі жоқ. Оқытушының қосымша және нақтылау сұрақтары білім алушының қойылған сұраққа ғана емес, сонымен қатар модульдің (пәннің) басқа сұрақтарына жауабын түзетуге әкелмейді.
FX 0-49	Қанағаттанарлық бағаға алғанға дейін қайта тапсыру мүмкіндігі беріледі.
F	Бағдарламада көзделген негізгі материалды білудегі олқылықтар анықталды, модуль (пән) бағдарламасының жартысынан көбін игермеді, жауаптарда түбегейлі қателіктер жіберді, қазіргі, аралық және қорытынды бақылау формаларында көзделген жекелеген тапсырмаларды орындамады, бағдарламада көзделген барлық негізгі әдебиеттерді пысықтамады.

Қосымша 2. Курс құрылымы

Күн	Тапсырмалар	Функционалдық міндеттері		Нәтиже	Есеп беру нысаны	
		студент	әдіскерлер			
			ЖОО			мектеп
1	<p>Нұсқамалық конференция-әдістемелік семинар</p> <p>Бекітілген мектеп пен сынып жұмысының жалпы бағыттарымен танысу</p> <p>1.1 Психологиялық-педагогикалық практика өтетін білім беру мекемесі туралы қысқаша ақпарат дайындау.</p> <p>1.2 Бекітілген (өзінің) сынып</p>	<p>Бекітілген сынып, мектеп туралы ақпаратты тыңдайды және қабылдайды.</p> <p>Берілген ақпаратпен танысады, теориялық білімді сыни тұрғыдан талдайды және практикада қолданады.</p> <p>Берілген ақпарат негізінде ақпараттық-</p>	<p>Тапсырманы тиімді орындау жолдарын көрсете отырып, студенттерге әдістемелік кеңес береді.</p> <p>Жұмысты қарап, тексереді, қажет болған жағдайда сын ескертулерді ұсынады.</p> <p>Бағалайды.</p>	<p>Білім беру мекемесінің жұмыс бағыттарымен таныстырады және қажетті ақпаратты алуға көмектеседі.</p> <p>Ақпаратты толықтырады және түсіндіреді.</p> <p>Студент-практиканың жұмысын тексереді.</p>	<p>Студенттердің танысу, зерттеу, талдау және жалпылау құзыреттерін меңгеруі.</p>	<p>Рефлексиялық есеп / Педагогикалық күнделік</p>

	оқушылары туралы жалпы мәліметтерді одан әрі талдай отырып ұсыну. 1.3 «Менің мектебім» тақырыбында презентация дайындау.	компьютерлік технологияларды пайдалана отырып, «Менің мектебім» тақырыбында презентация дайындайды. Өзін-өзі бағалайды.		Бағалайды.		
2	Мұғалімдер әзірлеген нормативтік құжаттармен және жоспарлармен (оқу жоспарларымен; перспективалық, орта мерзімді және қысқа мерзімді жоспарлармен) танысу 2.1 Мектеп құжаттарымен танысу және педагогикалық картаны әзірлеу. 2.2 Пән мұғалімдерінің перспективалық, орта және қысқа мерзімді жоспарларын зерделеу және олардың мазмұнына салыстырмалы талдау жүргізу. 2.3 Критерийлі бағалау жүйесі туралы пән мұғалімімен сұхбат жүргізу.	Құжаттармен танысады, пән мұғалімінің, сынып жетекшісінің жоспарларын зерттейді, сабақтарға, тәрбиелік іс-шараларға қатысады. Практикалық салыстырмалы талдау жүргізеді және мектеп құжаттарының педагогикалық картасын әзірлейді. Тәжірибе барысында критерийлі бағалау жүйесімен танысады және пән мұғалімімен сұхбат жүргізеді. Өз білімін кеңейтеді, өзін-өзі бағалайды.	ҚР БҒМ № 130 «Нормативтік құжаттар туралы» бұйрығының өзгерістерімен таныстырады және әдістемелік консультациялар өткізеді. Талдау мен педагогикалық картаны тексереді және қажет болған жағдайда орындалған тапсырма бойынша сыни ескертулер ұсынады. Пән мұғалімімен сұхбат құрастыруға көмектеседі. Бағалайды.	Білім берудің мекемесінің нормативтік құжаттарымен таныстырады, пән мұғалімдері мен сынып жетекшілерінің ұзақ мерзімді, орта мерзімді және қысқа мерзімді жоспарларының мәнін талдайды және тұжырымдайды. Жоспарлардың өзекті мәселелері бойынша консультациялар өткізеді.	Студенттердің таныстыру, зерттеу, талдамалық, коммуникативтік құзыреттіліктері мен өзін-өзі бағалау дағдыларын меңгеруі.	Рефлексиялық есеп / Педагогикалық күнделік: Мектеп құжаттарының педагогикалық картасы

				Студенттердің жұмысын тексереді. Бағалайды.		
3	<p>Білім беру контенттері және заманауи оқыту құралдары</p> <p>3.1 Заманауи оқулықтарды зерттеу.</p> <p>3.2 Дидактикалық оқыту құралдарын үйрену.</p> <p>3.3 Цифрлық білім беру контентін зерттеу.</p> <p>3.4 Тақырыптың дидактикалық мәнін зерттеу.</p>	<p>Заманауи дидактикалық оқыту құралдарымен және цифрлық білім беру контенттерімен тәжірибе жүзінде танысады және талдайды.</p> <p>Сабак барысында ол білімді іс жүзінде қолдануды талдайды және үйренеді, сыни ойлауды дамытады.</p> <p>Білімін тереңдетеді.</p>	<p>Заманауи дидактикалық оқыту құралдарын қолдана отырып, цифрлық білім беру контенттерін іс жүзінде қалай зерттеу керектігін үйретеді және түсіндіреді.</p> <p>Консультация өткізеді. Сыни ойлаудың дамуына ықпал етеді.</p> <p>Бағалайды.</p>	<p>Заманауи дидактикалық оқыту құралдарымен, цифрлық білім беру контенттерімен студенттердің тәжірибе жүзінде таныстырады және осы білім беру мекемесінің білікті педагогтарының жұмыс тәжірибесін насихаттайды.</p> <p>Студенттердің жұмысын тексереді. Бағалайды.</p>	<p>Студенттердің бойында таныстыру, зерттеу, талдамалық, жалпылау және коммуникативтік құзыреттіліктері, сондай-ақ өзін-өзі бағалаудағылары, белсенді өмірлік ұстанымы қалыптасады.</p>	
4	<p>Біртұтас педагогикалық үдерісті зерттеу</p> <p>4.1 Өз пәні бойынша сабақтарға қатысу, оқушылардың сыни ойлауының даму деңгейін, көркемөнерпаздық</p>	<p>Өз пәні бойынша сабақтарға қатысады, оқушылардың функционалды сапаттылығын, оқушылардың сыни</p>	<p>Сабаққа қатысу кезінде не нәрсеге назар аудару керектігі туралы нұсқаулық жүргізеді, сабақтың барысын</p>	<p>Пән бойынша сабақтарға қатысу кезінде, оқушылардың сыни ойлауын, көркемөнерпаздық дағдылар</p>	<p>Студенттердің бойында таныстыру, зерттеу, талдамалық, жалпылау, бағалау, көрсету және</p>	<p>Рефлексиялық есеп / Педагогикалық күнделік: Өз пәні бойынша қысқа мерзімді үлгілік жоспар</p>

	<p>дағдылары мен құзыреттіліктерін зерттеу және нәтижелерді бағалау кестесін жасау.</p> <p>4.2 Өз пәні бойынша қысқа мерзімді үлгілік жоспар құру.</p>	<p>ойлауының даму деңгейін, көркемөнерпаздық дағдыларын зерделейді.</p> <p>Нәтижелерді бағалау кестесін жасайды.</p> <p>Білімін тереңдетеді, өз пәні бойынша қысқа мерзімді үлгілік жоспар жасайды.</p> <p>Өзін-өзі бағалайды.</p>	<p>сыни тұрғыдан бақылайды, нәтижелерді бағалау кестесіне жібереді.</p> <p>Жұмысты тексереді.</p> <p>Бағалайды.</p>	<p>ын зерделеу кезінде әдістемелік көмек көрсетеді.</p> <p>Студенттердің жұмысын тексереді.</p> <p>Бағалайды.</p>	<p>коммуникативтік, креативтік құзыреттіліктер, сондай-ақ белсенді өмірлік ұстанымын көрсете білу дағдылары қалыптасды.</p>	
5	<p>Сынып жетекшісінің жұмыс жүйесін зерделеп, жоспарланған тәрбиелік іс-шараларды іске асыруға, сондай-ақ тәрбие жұмысының жекелеген түрлері мен нысандарын дайындауға және өткізуге атсалысу</p> <p>5.1 Білім беру бағыттарын сынып жетекшісінің/тәрбиешінің жұмысы тұрғысынан зерттеп, оларды кестеде көрсету.</p>	<p>Сынып жетекшісінің / тәрбиешінің тәрбиелік жоспарының бағыттарын зерттейді, талдайды және кестеге түсіреді.</p> <p>Сынып жетекшісінің жоспарына сәйкес тәрбиелік іс-шараның үлгілік жоспарын әзірлейді, тәрбиелік іс-шараға атсалысады, сыни тұрғыдан талдайды,</p>	<p>Сынып жетекшісінің тәрбиелік жұмысының жоспарымен танысу бойынша консультация өткізеді.</p> <p>Студент әзірлеген кесте мен үлгілік жоспарды, студенттің қатысқан оқу іс-шарасына жасаған талдауын тексереді.</p> <p>Бағалайды.</p>	<p>Сынып жетекшісінің тәрбиелік жоспарының құрылымымен таныстырады.</p> <p>Тәрбиелік іс-шараға қатысуына жәрдемдеседі және сыни талдауды, қатысатын іс-шараны дайындауға көмектеседі.</p>	<p>Студенттердің бойында таныстыру, зерттеу, талдамалық, жалпылау, бағалау, көрсету және коммуникативтік, креативтік құзыреттіліктер, сондай-ақ белсенді өмірлік ұстанымын көрсете білу дағдылары қалыптасды.</p>	<p>Рефлексиялық есеп / Педагогикалық күнделік: Тәрбиелік іс-шараның үлгілік жоспары</p>

	5.2 Тәрбиелік іс-шараның үлгілік жоспарын жасау. Өткізілген тәрбиелік іс-шараға талдау жасау.	қорытындылайды. Білімін кеңейтеді. Өзін-өзі бағалайды.		Студенттің жұмысын (кесте, үлгілік жоспар, талдау) тексереді. Бағалайды.		
6	Тұтас педагогикалық үдерісті зерттеу және талдау 6.1 Мектептегі оқу үдерісін зерттеп, SWOT-талдау жасау. 6.2 Рефлексивті есеп жасау.	Бекітілген мектептің, сыныптың оқу-тәрбие үдерісімен танысады. Мониторинг жүргізеді, зерттейді, сыни тұрғыдан ойлайды, қорытындылайды, SWOT-талдау жүргізеді (оң нәтижеге жету жолындағы күшті және әлсіз жақтарын, мүмкіндіктерін, кедергілерін анықтайды, қауіптерді анықтайды). Рефлексивті есеп әзірлейді. Өзін-өзі бағалайды.	Теориялық білімді практикада қолдануға бағыт береді. Бақылау, зерттеу нәтижелерін сыни тұрғыдан қарауға үйретеді. SWOT-талдауды қолдануға және рефлексивті есеп дайындауға әдістемелік көмек көрсетеді. Студенттердің жұмысын тексереді. Бағалайды.	Тұтас педагогикалық үдеріспен танысуға, мониторингті, SWOT-талдауды жүзеге асыруға, тұтас педагогикалық үдерістің әртүрлі жақтарын зерделеуге практикалық көмек көрсетеді. Студенттердің жұмысын тексереді. Бағалайды.	Студенттердің бойында таныстыру, зерттеу, талдамалық, жалпылау және коммуникативтік құзыреттіліктері, сондай-ақ SWOT-талдауды ұйымдастыру дағдылары, белсенді өмірлік ұстанымы қалыптасды.	Рефлексиялық есеп / Педагогикалық күнделік: SWOT-талдау
7	Психологиялық-педагогикалық диагностикалық әдістерді пайдалана отырып, білім	Психологиялық-педагогикалық диагностика құралдарымен танысады,	Психолог жұмысының бағыттарымен таныстырады.	Мектептің психологы оқушылар ұжымыны	Студенттердің бойында таныстыру, зерттеу, талдамалық	Рефлексиялық есеп / Педагогикалық күнделік: Бір оқушыға психологиялы

	<p>алушылар ұжымын зерттеу мақсатында мектептің психологиялық қызметі жұмысының жай-күйін зерделеу</p> <p>7.1 Мектептің психологиялық қызметінің жұмысын зерттеп, кестеде психолог жұмысының негізгі бағыттарын көрсету.</p> <p>7.2 Бір оқушыға психологиялық-педагогикалық үлгілік мінездеме беру.</p>	<p>мектеп психологымен бірге жұмыс жүргізеді, мектептің психологиялық қызметінің бағыттарын зерттейді.</p> <p>Оқушылар ұжымын зерттейді, сыни ойлауды дамытады, білімін тереңдетеді, нәтижелерді кестеге түсіреді. Оқушыға психологиялық-педагогикалық мінездеме береді.</p> <p>Өзін-өзі бағалайды.</p>	<p>Оқушының психологиялық-педагогикалық мінездемесінің үлгілік жобасын ұсынады.</p> <p>Әдістемелік көмек көрсетеді.</p> <p>Студенттің орындаған жұмысын тексереді.</p> <p>Бағалайды.</p>	<p>н жұмыс бағыттарымен, жоспарларымен және зерттеу бағыттарымен таныстырады.</p> <p>Зерттеудің жобасын, үлгілерін көрсетіп, түсіндіреді, оқушылармен бірге белгілі бір жұмыстарды орындау ісіне тартады.</p> <p>Жұмысты тексереді және бағалайды.</p>	<p>ық, жалпылау, бағалау, көрсету және коммуникативтік, креативтік құзыреттіліктер, сондай-ақ психологиялық-педагогикалық мінездеме беру дағдылары қалыптасды.</p>	<p>қ-педагогикалық үлгілік мінездеме</p>
8	<p>Тұтас педагогикалық үдерісте оқушылардың мазасыздық деңгейін анықтау әдістемесін меңгеру</p> <p>8.1 Сынып оқушыларына бақылау жүргізу және мектептегі мазасыздықты анықтау бойынша Филипс әдістемесі бойынша сауалнама</p>	<p>Мектептегі мазасыздықты анықтау үшін Филипстің әдістемесі бойынша мектеп оқушыларына бақылау және сауалнама жүргізеді және нәтижелерді талдайды.</p> <p>Оқушылардың</p>	<p>Филипс әдістемесінің психологиялық аспектілерін және сәтсіздік пен девиантты мінез-құлық себептерін анықтау әдістерін түсінуге әдістемелік көмек көрсетеді.</p>	<p>Мектептегі мазасыздықты анықтау бойынша Филипс әдістемесінің мәнін ашып береді, оқушылар арасында сауалнама жүргізу жолдарын түсіндіреді,</p>	<p>Студенттердің бойында байқау, нәтижелерді талдау, себептерді анықтау, бағалау, өзін-өзі бағалау, белсенді өмірлік ұстанымының көрсету дағдылар</p>	<p>Рефлексиялық есеп / Педагогикалық күнделік: Оқушылардың нәтижелерін үлгерімсіздігімен девиантты мінез-құлқының диагностикалық картасы</p>

	<p>нәтижелерін бағалау.</p> <p>8.2 Оқушылардың үлгерімсіздігі мен девиантты мінез-құлқының факторлары мен себептерін диагностикалау.</p>	<p>үлгерімсіздігі мен девиантты мінез-құлқының себептерін анықтау үшін әртүрлі әдістерді қолдана отырып, талдау жүргізеді, сыни ойлауды дамытады және білімін кеңейтеді.</p> <p>Өзін-өзі бағалайды.</p>	<p>Студенттердің орындаған жұмыстарын тексереді.</p> <p>Бағалайды.</p>	<p>сауалнама нәтижелерін талдауда әдістемелік көмек көрсетеді.</p> <p>Оқушылардың үлгерімсіздігі мен девиантты мінез-құлқының себептерін анықтау әдістемесі туралы теориялық білім береді.</p> <p>Студенттердің жұмысын тексереді. Бағалайды.</p>	<p>ы, сондай-ақ білімін, шығарма шылығын тереңдету құзыреттілігі қалыптасады.</p>	
9	<p>Тұтас педагогикалық үдерісте сынып оқушыларының қарым-қатынас деңгейін талдау әдістемесін меңгеру</p> <p>9.1 Ұжымның бірлігін анықтау, сыныптың көшбасшыларын анықтау үшін социометриялық тест, сауалнама жүргізеді. Қорытындылайды, талдайды. Зерттеу нәтижелерін ұсынады.</p> <p>Теориялық және практикалық білімін кеңейтеді.</p> <p>9.2 Сынып ұжымына психологиялық-</p>	<p>Ұжымның бірлігін анықтау, сыныптың көшбасшыларын анықтау үшін социометриялық тест, сауалнама жүргізеді. Қорытындылайды, талдайды. Зерттеу нәтижелерін ұсынады.</p> <p>Теориялық және практикалық білімін кеңейтеді.</p>	<p>Практиканттарға зерттеу әдістемесін түсіндіреді, сынып ұжымының қарым-қатынас әдістерін көрсетеді.</p> <p>Талдауды, жалпылауды, нәтижелерге қол жеткізуді түсіндіреді.</p> <p>Теориялық әдістемелік көмек көрсетеді.</p>	<p>Сынып жетекшісі сыныппен жұмыс туралы, сынып оқушылары туралы ақпарат береді.</p> <p>Коммуникативті тығыз қарым-қатынасты талдау, бақылау, зерттеу және орнату жолдарын көрсетеді.</p>	<p>Бақылау, нәтижелерді талдау, себептерді анықтау, бағалау, өзін-өзі бағалау, белсенді өмірлік ұстанымның көрінісі, білім мен шығармашылықты тереңдету құзыреттілігі дамиды.</p>	<p>Рефлексиялық есеп / Педагогикалық күнделік: Сынып ұжымына психологиялық-педагогикалық үлгілік мінездеме</p>

	педагогикалық үлгілік мінездеме беру.	Сыни тұрғыдан ойлайды. Сынып ұжымына психологиялық-педагогикалық үлгілік мінездеме береді. Өзін-өзі бағалайды.	Зерттеу нәтижелерін және сыныптағы психологиялық-педагогикалық мінездеме рді тексереді. Бағалайды.	Практикалық әдістемелік көмек көрсетеді. Студенттердің орындалған жұмыстарын тексереді. Бағалайды.		
10	Мұғалімнің әлеуметтік-педагогикалық портретін құрастыру 10.1 Мұғалімнің әлеуметтік-педагогикалық портретін жасау. 10.2 Электрондық журналмен жұмыс істеуді үйрену. 10.3 Шығармашылық жұмыс («Мұғалімнің алдында бас иемін» немесе «21 ғасырдың мұғалімі» тақырыбындағы шағын эссе). Қорытынды конференция-электрондық портфолионы қорғау.	Практикант мұғалімнің әлеуметтік-педагогикалық портретін жасау жолдарын бақылайды, зерттейді, анықтайды, сыни тұрғыдан ойлайды, іздейді. Электрондық журналмен танысады, ол туралы ережені зерттейді, пән мұғалімінің жетекшілігімен электрондық журналмен жұмыс істеуді үйренеді. «Мұғалімнің алдында бас иемін» немесе «21 ғасырдың мұғалімі» тақырыбында	Педагогтің әлеуметтік-педагогикалық портретін жасау бойынша кеңес береді. Электрондық журналмен жұмыс істеуді үйренуге арналған сілтемелермен таныстырады. Шағын эссе жазуға бағыттар береді. Жұмыстарды тексереді. Бағалайды.	Мұғалімнің әлеуметтік-педагогикалық портретін жасауға көмектесу үшін мектептің үздік мұғалімдерінің ең жақсы қасиеттерін, ерекшеліктерін атап көрсетеді. Электрондық журналмен жұмыс істеу ережесімен таныстырады, үйретеді. Практика қорытындысы	Студенттердің бойында таныстыру, зерттеу, талдамалық, жалпылау және коммуникативтік құзыреттіліктері, сондай-ақ ақпарат алу дағдылары, белсенді өмірлік ұстанымы қалыптасды.	Шығармашылық жұмыс («Мұғалімнің алдында бас иемін» немесе «21 ғасырдың мұғалімі» тақырыбындағы шағын эссе) / Қорытынды рефлексивті есеп / Электрондық портфолио

		<p>шағын эссе жазады.</p> <p>Тәжірибенің нәтижелері туралы есеп жазады.</p> <p>Өзін-өзі бағалайды.</p>		<p>бойынша практикант орындаған жұмыстар мен есептерді тексереді.</p> <p>Бағалайды.</p>		
--	--	--	--	---	--	--